

Республикалық балаларды оңалту орталығы құрылысының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 11 қазан N 1316

Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын кешенді жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

қосалқы ғимараттар мен құрылыстарды салу, аумақты ыңғайластыру, инженерлік-техникалық коммуникацияларды жүргізу, Орталықтың құрылысына сараптама жүргізу, авторлық және техникалық қадағалау үшін:

денсаулық сақтау мекемелерін ұстауға арнап 1995 жылы бөлінетін жалпы қаражат есебінен 20,0 (жиырма) млн. теңге қарастырсын;

бюджеттің жобасын жасау барысында 1996 жылға 280,0 (екі жүз сексен) млн. теңге, 1997 жылға - 40,0 (қырық) млн. теңге қарастырсын;

1995 жылдан бастап, проценттерді, қызмет көрсететін банктердің Түркияның кредит желісі шеңберіндегі жобаны қаржыландыру жөніндегі бюджеттегі әрбір тиісті жылғы төлемдерінің ілесімі және операциялық шығындарын төлеуге арналған қаражатты қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі

Республикалық балаларды оңалту орталығының объектілерін республикалық бюджеттің қайтарымсыз негіздегі қаражаты есебінен басым қаржыландырылатын тізбесіне кіргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
қажетті мердігерлік ұйымдарды тарта отырып осы жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

